



Қазіргі білім жүйесіндегі әлеуметтік педагог.

Кез келген ортаның жұмысы жақсы болуы үшін, сол орта мүшелерінің әлеуметтік әл-ауқаты жақсы болуы керек, міне осы тұрғыда қазіргі білім жүйесіндегі әлеуметтік педагог мамандағының маңызы зор, себебі мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтап алмай тұрып, олардан білім талап ету қиын, ал білімді ұрпақ- болашақтың кепілі. Сондықтан, әлеуметтік педагог жаңа оқу жылын мына жұмыстардан бастағаны жөн:

- Жаңа оқу жылының нақты бағыттарын көрсете отырып, жылдық жоспарын жасап, оны жыл бойына жүзеге асырып отыру
- Жұмыс барысында қолданатын нормативтік құжаттарды білу, яғни қандай нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс жасауымыз керек:
 - ҚР Конституциясы
 - Білім туралы Заң
 - Бала құқығы туралы Конвенция
 - Бала құқығын қорғау Заңы
 - Неке және отбасы туралы Заң
 - **ҚР Үкіметінің 64-қаулысы**
- Оқу процесі барысында мектептің **әлеуметтік әлсіз** отбасынан шыққан оқушыларын анықтау және олармен тынымсыз жұмыс жасау, себебін анықтап, керек болған жағдайда құзырлы орындарға айтып, көмек көрсету, үнемі қадағалауда ұстау. Енді осы **әлеуметтік әлсіз** отбасынан шыққан оқушыларды қалай анықтауға болады? Қазіргі 21 ғасырда информацияны алу/тарату ауқымы өте кең, тек осы мүмкіндіктерді орнымен пайдалана білсеңіз болғаны. Мектептің сынып жетекшілерімен және әр сыныптың ата-аналар комитеті төраға/төрайымдарымен ватсап желісінде ортақ топ құрып, сол топта әр сыныптың **әлеуметтік әлсіз топтағы** оқушыларын анықтап алуға болады-бұл сіздің шын мәнінде уақытыңызды көп үнемдейді. Әлеуметтік педагог әлеуметтік әлсіз топты анықтап алғаннан кейін, мына схемада жыл бойына жұмыс жасап отыруы керек:



- Жағдайдың қалай өрбігеніне қарай оқушыны, керек болған жағдайда ата-ананы да психологқа жіберу
- Анықталған отбасылармен үнемі кері байланыста болу



Әлеуметтік педагог мамандығы мәртебелі мамандық, себебі Үкіметтің тапсырмасын бұлжытпай, адал орындап көмекке мұқтаж жандарға көмектесу-имандылықтың, адамгершіліктің белгісі.